

 1. Тыңдаңыз, есте сақтаңыз.

бос орын

ашылады

жабылады

Нешеде келесіз?

Нешеде ашылады?

Сағат 9-да келіңіз.

Сағат нешеде келесіз?

Сағат нешеде кездесеміз?

Құжат сағат нешеде дайын болады?

Нешеге дейін жұмыс істейсіздер?

Сағат нешеде келуге болады?

Келер шақ
Етістік+(-а, -е, -й) +
жіктік жалғауы

Мысалы:

Мен бар + а + мын.

Мен кел + е + мін.

Мен төле + й + мін.

**2. Тыңдаңыз, бос орынды толықтырыңыз.**

Сіз ертең нешеде _____ ?

Сен ертең нешеде _____ ?

Ертең сағат тура 10-да _____ .

Ертең жұмысқа 9-да _____ ?

Кеше 9-да жұмыста _____ .

Ертең жұмыста нешеде _____ ?

Сағат 10-да жұмыста _____ .

! 3. Есте сақтаңыз.

САН ЕСІМ +

- ке	} дейін
- ге	
- ға	

Бір + ге дейін келемін.
 Үш + ке дейін күтемін.
 Алты + ға дейін жұмыс істейміз.

САН ЕСІМ +

- ден	} дейін
- тен	
- дан	
- нан	

Бір + ден кейін келемін.
 Үш + тен кейін күтемін.
 Алты + дан кейін қайтамын.

**4. Үлгінің көмегімен қажетті жалғауларды жазыңыз.****-ға****-қа****-тен****-дан****-ке****-ге****-нан****-ден**

12- _____ дейін куәландырыңыз.

3- _____ дейін толтырыңыз.

5- _____ дейін хабарласыңыз.

6- _____ дейін тапсырыңыз.

7- _____ дейін төлеңіз.

12- _____ кейін келіңіз.

10- _____ кейін барыңыз.

5- _____ кейін алып кетіңіз.

6- _____ кейін жазылыңыз.

7- _____ кейін келіңіз.

**5. Оқыңыз.**

①

- Сәлеметсіз бе! Жеке нотариус па?
- Қайырлы күн! Сізді тыңдап тұрмын.
- Сіздер нешеге дейін жұмыс істейсіздер?
- 6-ға дейін.
- Сағат 5-те келсем бола ма?
- 5-те бос орын жоқ. Ертең сағат 12-ге дейін келіңіз.

②

- Қайырлы таң!
- Сәлеметсіз бе! Сізге қандай көмегім керек?
- Сенімхат алайын деп едім.
- Отырыңыз. Жеке куәлігіңіз бар ма?
- Міне. Нешеде дайын болады?
- Құжатыңыз сағат 3-тен кейін дайын болады.
- Екінші жолға қолыңызды қойыңыз. Аты-жөніңізді толық жазыңыз.
- Сағат 4-ке дейін келемін. Рақмет.